



Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты

# ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (2)

ISSN 1814-6961  
E-ISSN 2788-9718



- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (2)



ISSN: 1814-6961 (print)  
ISSN: 2788-9718 (online)

**Отан тарихы**  
**Отечественная история**  
**History of the Homeland**

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал  
2026. Т. 29 (2)

---



Published in the Kazakhstan  
Otan tarikhyy  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 1814-6961 (Print)  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
2026. Vol. 29. Is. 2. Pp. 629–641  
Journal homepage:  
<https://otan.history.iie.kz>



ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.91.91; 05.71.91  
[https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2026\\_29\\_2\\_629-641](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_2_629-641)

## ҚАЛЫҢМАЛ – ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Гүлжан Асанқызы Мейрманова<sup>1</sup>, Айнұр Қыдырғалиевна Бейсегулова<sup>2\*</sup>,  
Айнұр Сабырбайқызы Алдекен<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
(әл-Фараби 71, 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
<https://orcid.org/0000-0002-3990-0172>. E-mail: [meirmanovaga@gmail.com](mailto:meirmanovaga@gmail.com)

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
(әл-Фараби 71, 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
PhD, аға оқытушы  
<https://orcid.org/0000-0002-1470-1751>. E-mail: [beysegulovaak@gmail.com](mailto:beysegulovaak@gmail.com) (корреспондент автор)

<sup>3</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
(әл-Фараби 71, 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
PhD докторант  
<https://orcid.org/0000-0002-3918-4535>. E-mail: [ainuraldeken@gmail.com](mailto:ainuraldeken@gmail.com)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2026  
© Мейрманова Г.А., Бейсегулова А.К., Алдекен А.С., 2026

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Мақалада қазақ халқының дәстүрлі неке мәдениетіндегі қалың мал дәстүрінің тарихи, әлеуметтік және мәдени маңызына этнологиялық талдау жасалған. Қалың мал институты тек материалдық алмасу құралы ретінде ғана емес, екі рудың арасындағы әлеуметтік келісім мен өзара жауапкершіліктің символы, сондай-ақ ұрпақтар сабақтастығы мен генеалогиялық мұраның көрсеткіші ретінде қарастырылады. Дәстүрдің эволюциясын және оның қазіргі қоғамдағы трансформациясын талдау мақсатында тарихи-салыстырмалы талдау, этнографиялық сипаттама және этноәлеуметтік әдістер қолданылды. *Мақсаты мен міндеттері.* Этнографиялық зерттеулер мен сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, авторлар қалың малдың қазіргі формаларын және оның қоғамдық қабылдану ерекшеліктерін сипаттайды. Сонымен қатар, мақалада қалың малдың құқықтық, тәрбиелік және символдық қызметтері талданды. Оны құдалықтың бір бөлігі ретінде қарастырады. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи әдіс және этносоциологиялық әдістер қолданылды, атап айтқанда стандартталған сұхбат түріндегі сауалнама жүргізілді. Эмпирикалық базаға дореволюциялық авторлардың еңбектері, қазақ фольклоры және кеңестік кезеңдегі қалыңмалға қатысты ресми құжаттар кірді. *Нәтижелер.* Қалыңмал дәстүрі қазақ фольклорында эпикалық шығармаларда, аңыздарда және салт-дәстүрлік әндерде көрініс табады. Ол неке мен отбасы қатынастарының маңызды элементі ретінде сипатталады. Фольклорлық мәтіндерде қалыңмал әлеуметтік мәртебені, руаралық келісімдерді және дәстүрлі қоғамның нормативтік

түсініктерін бейнелейді. Қазіргі өзгеріп жатқан қоғамда қалыңмалдың экономикалық қызметінен гөрі символдық мәнін сақтап қалғанын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері қазіргі қалыңмалдың функционалдық тұрғыдан елеулі өзгерістерге ұшырағанын айқындайды. Экономикалық рөлінің әлсіреуіне қарамастан, қалыңмал әлеуметтік және символдық қызметін жалғастыруда. Қазіргі тәжірибеде ол материалдық өтемақы ретінде емес, мәдени сабақтастықтың, отбасы беделінің және өзара сыйластықтың көрсеткіші ретінде қабылданады. Фольклорлық мәтіндерде қалыңмал көбіне руаралық келісімдердің және дәстүрлі құндылықтар жүйесінің көрсеткіші ретінде суреттеледі. *Қорытынды.* Зерттеу қалың малдың сақталуы мен қайта жандануын әлеуметтік трансформация, жаһандану және сәйкестік мәселелерін қайта құру үдерістерімен айқындалатын көрінісі ретінде қарастырады. Қазіргі қалың мал тарихи мұра мен бүгінгі әлеуметтік шындықтың арасындағы байланысты қамтамасыз ететін қайта пайымдалған дәстүр болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, қалың мал қазіргі қазақ неке тәжірибесінде әлеуметтік бірлікті және ұрпақтар сабақтастығын нығайтатын тұрақтандырушы мәдени тетік қызметін атқарады.

**Түйін сөздер:** қалыңмал, дәстүрлі неке, этнография, әлеуметтік институт, қазақ мәдениеті, фольклор, гендерлік қатынас.

**Алғыс.** Бұл мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылай қолдауымен, АР23490262 «Тарбағатай қазақтары: тарихи-этнографиялық зерттеулер (XIX ғасырдың соңы – XXI ғасырдың басы)» жобасы аясында дайындалды.

**Дәйексөз үшін:** Мейрманова Г.А., Бейсегулова А.К., Алдекен А.С. Қалыңмал – қазақ қоғамындағы құқықтық және әлеуметтік институт: тарихы мен қазіргі жағдайы // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. 629–641-бб. [Қазақша] DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_2\_629-641

## КАЛЫМ КАК ПРАВОВОЙ И СОЦИАЛЬНЫЙ ИНСТИТУТ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ: ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ

Гульжан Асановна Мейрманова<sup>1</sup>, Айнура Кыдыргалиевна Бейсегулова<sup>2\*</sup>,  
Айнура Сабырбайқызы Алдекен<sup>3\*</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби  
(аль-Фараби 71, 050040 Алматы, Республика Казахстан),  
Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор,  
<https://orcid.org/0000-0003-3990-0172>, E-mail: [meirmanovaga@gmail.com](mailto:meirmanovaga@gmail.com)

<sup>2</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби  
(аль-Фараби 71, 050040 Алматы, Республика Казахстан)  
PhD, старший преподаватель,  
<https://orcid.org/0000-0002-1470-1751>. E-mail: [beysegulovaak@gmail.com](mailto:beysegulovaak@gmail.com)

<sup>3</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби  
(аль-Фараби 71, 050040 Алматы, Республика Казахстан)  
PhD докторант  
<https://orcid.org/0000-0002-3918-4535>, E-mail: [ainuraldeken@gmail.com](mailto:ainuraldeken@gmail.com)

© Институт Истории и этнологии имени Ш.Ш. Уалиханова, 2026

© Мейрманова Г.А. Бейсегулова А.К., Алдекен А.С., 2026

**Аннотация.** *Введение.* В статье представлен этнологический анализ исторического, социального и культурного значения традиции калыма в системе брачной культуры казахского народа. Калым рассматривается не только как форма материального обмена, но и как символ социального договора и взаимной ответственности между родами, а также как символ устойчивости традиционных ценностей и генеалогического наследия. *Цель и задачи.* На основе этнографических исследований и социологических опросов авторы характеризуют современные формы калыма и особенности его общественного восприятия. Рассматриваются правовые, воспитательные и символические функции института. Калым рассматривается как часть сватовства. *Материалы и методы.* В процессе исследования были использованы сравнительно-исторический метод и этносоциальные методы

опроса в виде стандартизированного интервью. Эмпирическую базу составили труды дореволюционных авторов, казахский фольклор и официальные документы советского периода в отношении калыма. *Результаты.* Традиция калыма в казахском фольклоре находит отражение в эпических произведениях, легендах и обрядово-бытовых песнях, где она выступает как важный элемент брачно-семейных отношений. В фольклорных текстах калым символизирует социальный статус, межродовые договорённости и нормативные представления традиционного общества. Современная трансформация калыма показывает, что традиция сохранила скорее символическое значение, чем экономическую функцию. Результаты исследования выявляют, что нынешние формы калыма претерпели значительные функциональные изменения. Несмотря на ослабление его экономической роли, калым продолжает выполнять социальные и символические функции. В современной практике он воспринимается не столько как материальная компенсация, сколько как показатель культурной преемственности, семейного престижа и уважения. В фольклорных текстах калым чаще всего описывается как показатель межродовых соглашений и системы традиционных ценностей. *Заключение.* Исследование рассматривает сохранение и возрождение калыма как явление, определяемое процессами социальной трансформации, глобализации и реконструкции вопросов идентичности. Современный калым представляет собой переосмысленную традицию, обеспечивающую связь между историческим наследием и сегодняшней социальной реальностью. В этом контексте калым выступает стабилизирующим культурным механизмом, который в современной казахской брачной практике укрепляет социальное единство и преемственность поколений.

**Ключевые слова:** калым, традиционный брак, этнография, социальный институт, казахская культура, фольклор, гендерные отношения.

**Благодарность.** Данная статья подготовлена при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках проекта AP23490262 «Казахи Тарбагатай: историко-этнографические исследования (конец XIX – начало XXI века)».

**Для цитирования:** Мейрманова Г.А., Бейсегулова А.К., Алдекен А.С. Калым как правовой и социальный институт в казахском обществе: история и современность // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. С. 629–641. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_2\_629-641

## KALIM AS A LEGAL AND SOCIAL INSTITUTION IN KAZAKH SOCIETY: HISTORY AND MODERNITY

*Gulzhan A. Meyirmanova<sup>1</sup>, Ainura K. Beisegulova<sup>2</sup>, Ainur S. Aldeken<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, (Al-Farabi 71, 050040, Almaty, Republic of Kazakhstan)  
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor  
<https://orcid.org/0000-0002-3990-0172>. e-mail: [mleirmanovaga@gmail.com](mailto:mleirmanovaga@gmail.com).

<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan  
(Al-Farabi 71, 050040, Almaty, Republic of Kazakhstan)  
PhD, Senior Lecturer\*  
<https://orcid.org/0000-0002-1470-1751>, e-mail: [beysegulovaak@gmail.com](mailto:beysegulovaak@gmail.com)

<sup>3</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan  
(Al-Farabi 71, 050040, Almaty, Republic of Kazakhstan)  
PhD student  
<https://orcid.org/0000-0002-3918-4535>, E-mail: [ainuraldeken@gmail.com](mailto:ainuraldeken@gmail.com)

© Sh. Sh. Ualikhanov Institute of History and Ethnology, 2026

© Meirmanova G.A., Beisegulova A.K., Aldeken A.S., 2026

**Abstract. Introduction.** This article provides an ethnological analysis of the historical, social, and cultural significance of the kalym (bride wealth) tradition within Kazakh marriage practices. Kalym is examined not only as a form of material exchange but also as a symbol of social contract, lineage responsibility, and generational continuity. The study employs historical-comparative analysis, ethnographic description,

content analysis, and ethno-social methods to trace the evolution of the tradition and its transformation in modern society. Purpose and Objectives. The research aims to characterize contemporary forms of kalym and their social perception, drawing on ethnographic fieldwork and survey data. Particular attention is devoted to the legal, educational, and symbolic functions of kalym, which continue to shape cultural identity and family relations. *Materials and methods.* In the course of the research, the comparative-historical method and ethnosociological survey techniques in the form of standardized interviews were employed. The empirical basis consisted of the works of pre-revolutionary authors, Kazakh folklore, and official Soviet-era documents concerning kalym. *Results.* Findings reveal that modern kalym has undergone significant functional change. Its economic role has diminished, while symbolic, social, and moral functions remain strong. Contemporary practices emphasize kalym as a marker of cultural continuity, family prestige, and inter-lineage respect rather than material compensation. Survey and ethnographic evidence show that kalym is increasingly perceived as a symbolic affirmation of tradition and social responsibility, embedded in discourses of honor, respect, and identity. Regional, socio-economic, and urban rural variations highlight its adaptive and negotiated nature in contemporary Kazakh society. The tradition of bride price (kalym) is reflected in Kazakh folklore through epic narratives, legends, and ritual songs, where it functions as a significant element of marital relations. In folkloric texts, kalym symbolizes social status, inter-clan agreements, and the normative values of traditional society. *Conclusion.* The persistence and revitalization of kalym represent a form of neo-traditionalism shaped by social transformation, globalization, and identity reconstruction. Rather than a return to archaic customs, modern kalym embodies a reinterpreted tradition mediating between historical heritage and present realities. It functions as a stabilizing cultural mechanism, reinforcing cohesion, moral norms, and intergenerational continuity within Kazakh marriage practices.

**Keywords:** kalym, traditional marriage, ethnography, social institution, kazakh culture, folklore, gender relations.

**Acknowledgments.** This article was funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan within the framework of Project AP23490262, “Kazakhs of Tarbagatai: Historical and Ethnographic Studies (late 19th – early 21st centuries).”

**For citation:** Meirmanova G.A., Beisegulova A.K., Aldeken A.S., Kalim as a Legal and Social Institution in Kazakh Society: History and Modernity // Otan tarihy. Vol. 29. No 2. Pp. 629–641. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_2\_629-641

**Кіріспе.** Қалыңмал дәстүрлі қазақ қоғамында неке қатынастарын заңдастырудың негізгі тетігі болып, екі әулет арасындағы келісімді бекітетін құқықтық-әлеуметтік институт қызметін атқарған. Қалыңмал төленуі қалыңдықтың әлеуметтік мәртебесінің өзгеруін заңды түрде айқындап, оның күйеу әулетіне өтуін әдеттік құқық нормалары шеңберінде бекітті. Осы тұрғыдан алғанда, қалыңмал азаматтық-құқықтық келісім сипатына ие болып, қазақтың дәстүрлі құқық жүйесінде неке қиюдың басты шарты ретінде қарастырылды.

Дәстүрлі қазақ қоғамында қалыңмал институты некелік қатынастарды реттейтін әлеуметтік-құқықтық механизм ретінде қалыптасқан. Ол құдалық рәсімінің өзгін құрап, әулетаралық байланыстарды нығайту, әлеуметтік мәртебені айқындау және экономикалық жауапкершілікті бөлісу қызметін атқарды. Қалыңмал дәстүрі арқылы некенің заңдылығы мен тұрақтылығы қоғамдық деңгейде бекітіліп отырған.

Кенес дәуірінде қалыңмал институты ресми идеология ықпалымен феодалдық-патриархалды қатынастардың қалдығы ретінде сынға алынып, көбіне әлеуметтік теңсіздіктің көрінісі ретінде түсіндірілді.

Тәуелсіздік кезеңінен бастап қалыңмал дәстүріне деген көзқарас өзгеріп, ол ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігі әрі туыстық қатынастар мен әлеуметтік келісімді реттейтін институт ретінде қайта бағалана бастады. Қазіргі этнологиялық және мәдениеттанулық зерттеулерде қалыңмалдың құқықтық, тәрбиелік және символдық қырлары кешенді түрде қарастырылып, оның тарихи сабақтастығы мен мәдени маңызы айқындалып отыр.

Бүгінгі таңда қалыңмал мәселесі неке, ажырасу және отбасылық қатынастардың өзгерісімен тығыз байланысты әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде өзекті болып отыр. Осыған байланысты мақалада қалыңмал институтының тарихи қалыптасуы, әлеуметтік және мәдени қызметтері, сондай-ақ оның қазіргі қазақ қоғамындағы мәні этнографиялық және этноәлеуметтік тұрғыдан талданады.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу барысында дәстүрлі қазақ қоғамындағы қалыңмал беру үрдісі және қазіргі Қазақстан аумағында қалыңмалдың дамуын айқындайтын этнографиялық

дереккөздер пайдаланылды. Мақалада тарихи-мәдени және этнографиялық тәсілдер қолданылып, зерттеу жұмысы пәнаралық сипатта жүзеге асырылды. Әдістемелік негіз ретінде этнография, антропология, әлеуметтану және тарих ғылымдарының қағидалары басшылыққа алынды.

Негізгі дерек көзі ретінде XVIII ғ. соңы мен XIX ғ. басында отбасы мәселесін жазған орыс географиялық қоғамының мүшелері С. Б. Броневский [Броневский, 1830], А. И. Левшин [Левшин, 1832], П. И. Рычков және т.б. [Рычков, 1896] еңбектері алынды. Олар өз еңбектерінде қалыңмалдың мөлшері, құрамы және әлеуметтік мәні туралы нақты деректер келтіріп, оны қазақ қоғамындағы неке институтының негізгі элементі ретінде сипаттады. Н. И. Ильминский [Ильминский, 1860] қалыңмалдың ритуалдық және құқықтық қырларына назар аударып, оны екі әулет арасындағы келісім мен жауапкершіліктің көрінісі ретінде бағалады. Бұл кезеңдегі еңбектер көбіне сипаттамалық тұрғыда болып, қалыңмалдың құқықтық және әлеуметтік қызметін сырттай бақылау арқылы түсіндіруге тырысты. С. И. Руденко [Руденко, 1927] мен А. А. Диваев [Диваев, 1900] зерттеулерінде қалыңмалдың әлеуметтік құрылыммен байланысы көрсетілгенімен, оның мәдени және символдық мәні екінші қатарға ығыстырылды.

Кенестік дәуірде қалыңмал дәстүрі көбіне феодалдық-патриархалды қалдық ретінде қарастырылып, сынға алынды. С.И. Руденко [Руденко, 1927] этнографиялық зерттеулерінде қалыңмалдың әлеуметтік стратификациядағы рөлін атап өтсе де, оны таптық теңсіздіктің көрінісі ретінде бағалады. А. А. Диваев [Диваев, 1900] қазақтың әдет-ғұрып құқықтарын жинақтап, қалыңмалдың құқықтық нормалармен байланысын көрсетті. Бұл кезеңде дәстүрдің тәрбиелік және мәдени астарынан гөрі, оның әлеуметтік теңсіздік тудыратын сипаты көбірек сынға ұшырады. XIX ғасырдың аяғында орыс этнографы В. Д. Тронов [Тронов, 1891] қазақтың қалыңмал төлеу дәстүріне қатысты бірқатар маңызды этнографиялық деректер келтіреді. Авторлардың көрсетуінше, қалыңмал әдетте екі кезеңге бөлініп төленген, оның негізгі әрі ең құнды бөлігі «бас жақсы» деп аталған. Бас жақсы құрамына көбіне 1–5 түйе енгізіліп, әр түйе құны бес байталға теңестірілген. Зерттеуші қазақтарда қалыңмалдың басым жағдайда малмен өтелетінін, алайда балықшы немесе аңшы қауымдар арасында бұл төлемнің ақшалай нысаны да қолданылғанын атап өтеді. Қыз үшін берілген қалыңмал оның туыстары тарапынан бөлінбейді, тек қыздың ағасына дәстүр бойынша бір түйе немесе бір жылқы берілуі мүмкін екенін айтады.

Материалдық мүмкіндігі шектеулі жігіттер үшін қалыңмал төлеудің баламалы жолы болған: олар қалыңдықтың ата-анасына бірнеше жыл еңбек ету арқылы некеге рұқсат алған. Мұндай тәжірибе ұлы жоқ отбасыларда жиі кездескен. Сонымен қатар, автор қазақтар арасындағы қыздармен айырбас жасау (құдандалықтың өзара алмастыру түрі) жағдайында қалыңмал төленбейтінін жазады. Тек жасы жетпеген қыз үшін белгілі бір өтемақы ретінде бір түйе немесе бір жылқы ұсынылған, өйткені кәмелетке толмаған қызды күйеуге беру оның еркінен тыс жүзеге асқан [Тронов, 1891: 73-75].

Зерттеудің дереккөздік негізін 2025 жылғы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 20-25 жас аралығындағы студенттері арасында жүргізілген социологиялық сұхбаттасу зерттеулері арқылы жиналған материалдар құрайды. Алынған жауаптар қалыңмалдың қазіргі кездегі мөлшерін, оның әлеуметтік мәнін және қоғамдағы бағалану деңгейін анықтауға бағытталды нәтижесі диараммада көрсетілген.

Алынған сапалық және сандық деректер сапалық талдау және этносоциологиялық талдау тәсілдері арқылы өңделіп, тарихи-мәдени контекст аясында интерпретацияланды. Зерттеу барысында дәстүрлі мәдени құбылыстардың қазіргі жастар ортасындағы көрінісі мен трансформациясы айқындалды.

Қалыңмал дәстүрінің тарихи қалыптасу жолдарын зерделеу үшін тарихнамалық талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар, тарихи және салыстырмалы талдау тәсілдері арқылы қалыңмалдың өзгеріске ұшыраған мәселелері қарастырылды. Этнографиялық материалдар, фольклорлық деректер қалыңмалдың қазақ қоғамындағы әлеуметтік және мәдени маңызын кешенді түрде сипаттауға мүмкіндік берді.

**Талқылау.** Дәстүрлі қазақ қоғамында қалыңмал институты некелік қатынастарды реттейтін әлеуметтік, құқықтық және мәдени тетік ретінде қалыптасып, тарихи даму барысында әртүрлі өзгерістерге ұшырады.

Этнограф ғалымдар Х.А. Арғынбаев [Арғынбаев, 1974], Ә.Т. Төлеубаев [Төлеубаев, 1991], А.Б. Қалыш [Қалыш, 2013], Б.К. Қалшабаева [Қалшабаева, 2022], Қ.Б. Баудиярова [Баудиярова, 2024] және басқа зерттеушілер қалыңмалдың этнографиялық негіздерін қарастырған. Олардың

еңбектерінде қазақ қоғамындағы неке мен отбасы институтының тарихи және этнологиялық қырлары, сондай-ақ отбасылық цикл дәстүрлері жан-жақты талданады. А.Т. Абдулина [Абдулина, 2024] «Х. Арғынбаев мұрасындағы отбасы және неке мәселесі» атты мақаласында ғалымның қалыңмалға қатысты жазбаларын талдаған. Некелесу рәсіміндегі этикет пен қарым-қатынас мәселелерін зерттеуде елеулі үлес қосқан этнологтар қатарында Г.А. Мейрманова [Мейрманова, 2016] мен Ш.Ж. Тохтабаеваның [Тохтабаева, 2013] еңбектері ерекше аталады.

Кеңестік кезеңде бұл дәстүр ресми түрде шектеліп, қоғамдық тәжірибеден ығыстырылғанымен, оның жекелеген элементтері бейресми деңгейде сақталып отырды. Ал ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында қалыңмал дәстүрі жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайларда қайта қаралып, жаңаша мазмұнға ие бола бастады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қалыңмал дәстүрінің қайта жандануына бірнеше фактор ықпал етті. Соның ішінде шетелден, әсіресе Қытай мен Моңғолиядан қоныс аударған қазақтардың дәстүрлі ортада сақталған әдет-ғұрыптарды қайта әкелуі маңызды рөл атқарды. Бұл үрдіс қалыңмалдың тек символдық емес, әлеуметтік мәні бар институт ретінде қабылдануына әсер етті.

Сонымен қатар, қазіргі қазақ қоғамында исламдану үдерісімен байланысты махр беру дәстүрінің ықпалы да байқалады. Қалыңмал мен махр арасындағы өзара байланыс неке шарттарын рәсімдеудің құқықтық және әлеуметтік тетіктеріне ықпал етіп отыр. Белгілі этнолог Сергей Абашин атап өткендей, махр мен қалыңмалдың айырмашылығы олардың құқықтық негізінде емес, әлеуметтік-ритуалдық мәнінде жатыр: махр исламдық шариғат нормасына сүйенсе, қалыңмал адатқа, яғни дәстүрлі әдет-ғұрыпқа негізделген [Абашин, 2003: 16]. Ғалымның пікірінше, бұл институттар құқықтық нормадан гөрі әлеуметтік салт-дәстүр ретінде қызмет атқарып, қоғамдағы некелік қатынастарды реттеудің мәдени тетігіне айналған. Қалыңмал көбіне қалыңдықтың жасауымен теңестірілсе, махр күйеу жігіттің қалыңдық алдындағы әлеуметтік және материалдық кепілдігі ретінде қарастырылады. Бұл айырмашылық олардың тарихи және мәдени мәнін айқындап, қалыңмалдың қазіргі қоғамдағы рөлін жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, қалыңмал дәстүрінің қайта жаңғыруы тек өткенді қайталау емес, дәстүрлі әдет-ғұрыптың заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайға бейімделуінің көрінісі болып табылады. Бұл құбылыс қазақ қоғамындағы некелік қатынастардың, гендерлік рөлдердің және әлеуметтік жауапкершіліктің өзгеру динамикасын түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі мәліметтер бойынша қалыңмал дәстүрінің Қазақстан аумағында біркелкі сақталмағанын, оның өзгеріске ұшырауы әлеуметтік-тарихи жағдайлармен тығыз байланысты болғанын аңғарамыз. Оңтүстік Қазақстанда қалыңмалдың ұзақ уақыт сақталуы қазақи орта, исламдық неке институттарының беріктігімен, дәстүрлі әлеуметтік иерархияның тұрақтылығымен және отбасылық бедел ұғымының маңызымен түсіндіріледі. Мұнда қалыңмалдың экономикалық мазмұны әлсірегенімен, оның символикалық және ритуалдық қызметі сақталған. Солтүстік және Орталық Қазақстанда қалыңмалдың ертерек жойылуы кеңестік идеологияның ықпалымен, әлеуметтік теңдік идеясының күшеюімен және урбанизация үдерістерімен байланысты. Бұл өңірлерде «қалыңсыз үйлену» тәжірибесінің қалыптасуы дәстүрлі некелік қатынастардың жаңаша интерпретацияланғаны көренеді. Шығыс пен Батыс Қазақстанда қалыңмал институты толық жойылмағанымен, оның әлеуметтік мәртебелік функциясы әлсіреп, той шығындарын бөлісу немесе символикалық тарту формасына ауысқан. Бұл аймақтарда дәстүрдің икемделуі оның тарихи мәнінің толық жоғалмағанын, бірақ жаңа әлеуметтік контекстке бейімделгенін аңғартады. [АЭМ, 2025].

Ал бұқараттық ақпарат құралдарында қалыңмалға байланысты жарияланған мәліметтер де қызықты мәліметтер беретіндігін көруге болады. Мәселен, 28.07.2023 жарияланған «Калым в казахской культуре: почему его уплата считалась важным обычаем в рамках заключения брака» атты мақала Алматы қаласының діни істер басқармасының сайтында жарияланған. Ол қалың қазақ мәдениетінде неке рәсімінің маңызды бөлігі ретінде қарастырылып, оның төленуі әлеуметтік мәртебе мен отбасы беделін айқындайтын дәстүрлі әдет болған [Калым в казахской культуре, 2023].

Екінші маңызды мақала Қазақпарат халықаралық ақпарат агенттігінің 2025 жылы 13 қаңтарда жариялаған: «Калым и пышный той: как меняются взгляды казахстанцев на традиции» деп аталады. Онда қазіргі қазақстандықтардың дәстүрге көзқарасын сипаттайды. Зерттеу нәтижелері қазіргі қазақстандықтардың қалыңмал мен той дәстүріне көзқарасы өзгеріп келе жатқанын, дәстүрдің әлеуметтік және мәдени мәні сақталғанымен, оның формалары қоғамдағы жаңа жағдайларға бейімделіп отырғанын көрсетеді [Калым и пышный той, 2025].

Бұл мәліметтер мақалалар қазақтардың қалыңмал дәстүрінің сақталуы аймақтық және әлеуметтік ерекшеліктерге байланысты әртүрлі деңгейде көрініс табатындығын көрсеткен.

**Нәтижелер.** Қазақ халқының қалыңмал беру дәстүрі отбасылық қатынастарды реттейтін құқықтық-әлеуметтік институт ретінде этнография, тарих, құқық және мәдениеттану салаларында кеңінен зерттелген тақырыптардың бірі. Бұл дәстүрдің тарихи эволюциясы мен әлеуметтік қызметін сипаттауда әр кезеңдегі зерттеушілердің көзқарастары мен әдіснамалық ұстанымдары әртүрлі болған. XIX-XX ғасырдың басындағы зерттеулерге тоқталсақ қалыңмал дәстүрі туралы алғашқы жүйелі еңбектерінде кездеседі.

Қалыңмал дәстүрінің тарихнамасы біржақты сипаттамадан бастап, күрделі әлеуметтік-мәдени институт ретінде жан-жақты зерттелуіне дейінгі эволюцияны көрсетеді. Бұл дәстүрдің тарихи сабақтастығы мен қазіргі қоғамдағы рөлі туралы ғылыми пікірлердің әртүрлілігі – оның көпқырлы табиғатын дәлелдейді. Бүгінгі таңда қалыңмалды зерттеу ұлттық бірегейлік, гендерлік қатынастар және құқықтық мәдениет мәселелерімен тығыз байланысты [Уәлиханов, 1984].

Дәстүрлі қазақ қоғамында қалыңмал күйеу жағынан қалыңдықтың әкесіне берілетін мал-мүлік түріндегі өтем болғандығы белгілі. Этимологиялық тұрғыдан «қалыңмал» ұғымы ықшамдалып «қалың» деп те аталған. Қалыңмал құдалық институтының бастапқы әрі ең маңызды кезеңі болып, оның мөлшері, құрамы мен берілу уақыты алдын ала келісім арқылы бекітілген. Құдаласу рәсімі жаушы жіберуден басталған. Жігіт әкесінің сенімді адамдары қалыңмал мөлшері мен құда түсу уақытын алдын ала анықтап келген. Жаушыға «шеге шапан» жабу құдалықтың беріктігін білдіретін символдық рәсім саналған. Қыз әкесінің келісімінен кейін ресми құдалар келіп, ең алдымен қалыңмалдың мөлшері, бөліп төлеу тәртібі мен уақыты нақтыланған. Бұл кезең дәстүрлі құқықтық жүйеде ерекше маңызға ие болған [Арғынбаев, 1973: 158].

Әлеуметтік жағдайға байланысты қалыңмалдың бірнеше қалыптасқан түрлері болған. Ең кең тараған мөлшерлер: 47, 37 және 27 байтал. Байтал шартты есеп бірлігі ретінде қолданылып, оның орнына түйе, бие, қой сияқты малдар теңестіріліп берілген. Алайда қалыңмалдың негізгі өзегін жылқы құраған. Н. Гродеков деректерінде қалыңмал көлемі екі жиырмадан бес жиырмаға дейін жеткені көрсетіледі [Гродеков, 2011: 69]. Қалыңның негізі 20 қара болып есептелсе, оның ішінде ұрғашы малдың төлін қоса есептеу тәжірибесі болған. Н.И. Гродеков бойынша қалың малдың құнын ақшалай беруді «домалақ қалың мал» деп атаған. Мысалы, Перовск уезінде қара мал көлеміндегі 60 саулық пен 60 тоқты 500 рубльға тең болған [Гродеков, 2011: 78-79]. Құдалықта берілетін кәделердің барлығы қалыңмал құрамына кірмеген. Құқықтық мәні бар кесімді кәделерге ілу, той малы, сүт ақы, ата күші сияқты түрлер жатқызылған. Бұл кәделер дау туған жағдайда заңдық күшке ие болған. Ал жеңгетай, қол ұстар, кемпірөлді секілді кесімі жоқ кәделер ерікті түрде беріліп, құқықтық мәнге ие болмаған.

Қалыңмалдың ең ірі түрі – «қырық жеті» дәулетті әулеттерге тән болған. Оның құрамына қара малмен қатар басжақсы (5 түйе) мен аяқжақсы (4 түйе) кірген. Басжақсы көбіне қалыңдықтың сәукелесіне жұмсалып, кейбір сәукеленің құны жүздеген жылқыға бағаланғаны айтылады [Арғынбаев, 1974: 55]. Орташа шаруалар «дөңгелек қалың» берген, ал жағдайы төмен әулеттер үшін 12 немесе 8 қара мөлшеріндегі баламалы қалың түрлері қолданылған.

Қалыңмал мөлшері бекітілгеннен кейін оның төлеу тәртібі келісілген. Алдымен белгілі бір бөлігі беріліп, қалғаны кейін төленген. Қалыңмалдың кесімді бөлігі тапсырылған соң күйеу жігітке қайын жұртына ұрын келу құқығы берілген. Келісімнің құқықтық күшін бекіту үшін қой сойылып, «пышақ қандату», «құйрық-бауыр жеу» рәсімдері жасалған. Загряжскийдің көрсетуінше, даулы жағдайда билер ең алдымен осы рәсімдердің орындалуын сұраған [Загряжский, 1876: 155].

Қалыңмалдың негізгі бөлігі қыздың жасауына жұмсалған. Қыз жасауы қалыңмал құнынан кем болмауы тиіс еді, керісінше жағдайда қыз әкесі қоғамдық сынға ұшыраған. Ы. Алтынсарин мен А. Диваев еңбектерінде ауқатты қазақтардың жасауының көлемі мен құны өте жоғары болғаны айтылады [Алтынсарин, 1870: 152; Диваев, 1900: 36]. Бұл қалыңмалдың «қыз сату» емес, экономикалық және әлеуметтік тепе-теңдікті сақтауға бағытталған институт екенін көрсетеді.

Қалыңмалға сәйкес жасалған жасау құрамына отау үй, киім-кешек, төсек-орын, үй жиһазы, қазан-ошақ, ыдыс-аяқ, ер-тұрман, мінер ат пен көш түйелері кірген [Алекторов, 1888: 36–37]. Ұзатудан кейін жасау жұрт алдында көрсетіліп, қалыңмал мен жасаудың сәйкестігі қоғамдық бағалаудан өткен.

Қалыңмалға қатысты дәстүрлі құқық нормалары қатаң сақталған. Құдалық бұзылған жағдайда айып мөлшері, қалыңмалдың қайтарылуы немесе өтем төлеу тәртібі нақты белгіленген. Қалыңдық

немесе күйеу жігіт қайтыс болған жағдайда да баламалы шешімдер (балдыз алу, қалынды қайтару, жасау беру) қарастырылған [Тронов, 1891: 53].

Сонымен қалыңмал дәстүрлі қазақ қоғамында тек некелік рәсімнің бір бөлігі ғана емес, әлеуметтік мәртебені, экономикалық теңгерімді және құқықтық міндеттемелерді реттейтін күрделі институт қызметін атқарған.

Отбасы қоғам өмірінде ерекше маңызды рөл атқарады және оның негізгі әлеуметтік микроұясы болып табылады. Дәл отбасы арқылы халықтың этникалық ерекшеліктерін сақтай отырып ұрпақты жалғастыру үдерісі жүзеге асады, сондай-ақ жаңа буынға ұлттық өзіндік сана мен құндылықтық бағдарлар беріледі.

Этностың ең маңызды сипаттамаларының бірі – отбасылық-тұрмыстық әдет-ғұрыптар мен рәсімдер (дүниеге келу, үйлену, жерлеу және ас беру салттары). Олар адамдар өміріндегі маңызды кезеңдерді шартты-символикалық түрде бейнелейтін мәдени феномендер болып табылады. Қазақ халқының қалыңмал беру дәстүрін этнологиялық тұрғыдан қарастыру бұл институттың көпқырлы әлеуметтік және мәдени қызметін айқындауға мүмкіндік береді.

Этнографиялық және фольклорлық материалдарда қалыңмалдың символдық мәні ерекше аталып өтеді. Ол қыз баланың қадір-қасиетін, тәрбиесін және әулетінің мәртебесін бейнелейтін, ұрпақ сабақтастығын сақтауға бағытталған әлеуметтік рәсім болып есептеледі. Бұл дәстүрдің тәрбиелік және мәдени астары зор – қалыңмал төлеу арқылы ер адам өз жауапкершілігін көрсетіп, отбасылық құндылықтарды қадірлеуге міндеттелген. Қалыңмалдың көлемі мен мазмұны қоғамның моральдық-этикалық нормаларына сәйкес бекітіліп, оның әрбір бөлшегі әлеуметтік мазмұнмен толтырылған. Қазақтың эпикалық жырлары мен фольклорлық шығармаларында қалыңмал институты әлеуметтік-экономикалық және моральдық құндылықтардың өлшемі ретінде бейнеленеді. Мысалы «Қыз Жібек» жырында қалыңмалдың мөлшері ерекше аталады: қырық жеті қара мал (кей нұсқада 47 жылқы). Жырда Төлегеннің әкесі Базарбайдың Жібекке қалыңмал беруге келіспеуі трагедияның басталуына себеп болады. Мұнда қалыңмалдың көптігі байлық пен тектіліктің өлшемі ретінде көрсетілсе, оны бермеу әлеуметтік келісімнің бұзылуына әкелетін фактор ретінде суреттеледі.

Ал «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырында қалыңмал нақты санмен көрсетілмейді, бірақ Қарабайдың малға қызығып, сертінен тайып, қызын басқа байға бермек болуы негізгі сюжетке айналады. Мұнда қалыңмалдың адамгершілік құндылықтан жоғары қойылуы сыналады. Жырдың әлеуметтік мәні – қалыңмалдың мөлшері мен байлыққа құмарлықтың адам тағдырына әсерін көрсету.


«Айман мен Шолпан» лиро-эпостық жырында Маман байдың қыздарын ұзату мәселесінде қалыңмал детальдары айқын көрініс береді. Байлар арасындағы құдалық, мал-дүние жөніндегі келіссөздерде қалыңмал әлеуметтік келісімнің басты құралы ретінде бейнеленеді.

Фольклорлық материалдар қалыңмалдың қазақ қоғамындағы құқықтық институт қана емес, әлеуметтік және моральдық өлшем болғанын дәлелдейді. Жырларда қалыңмалдың мөлшері мен төлену тәртібі тек экономикалық көрсеткіш емес, сонымен бірге қоғамдық келісімнің, тектіліктің және адамгершілік құндылықтардың өлшемі ретінде бейнеленеді.

Қалыңмал беру тәртібі мен реті қазақтың әдеттік құқық жүйесінде («Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Жеті жарғы») нақты бекітілген. Қалыңмалдың негізгі қызметі қыздың жасауына жұмсалатындықтан халық арасында «қалыңмалды малға санама, барымтаны малға санама» деген қағида қалыптасқан. Қазақ дәстүрінде «қалыңмалсыз қыз болмайды, кәдесіз күйеу болмайды» деген ұстаным кең тараған. Бұл рәсім арқылы қалыңмалдың жігіт ауылына жасау болып қайтуы, оның негізгі бөліктерін алу сәттерінің кәде беру арқылы рәсімделуі құдалар арасындағы туыстық қатынасты реттеп, бекітудің құқықтық әрі әлеуметтік тетігі ретінде қызмет атқарған. Қазіргі қоғам жағдайында қалыңмал институтының формасы айтарлықтай өзгеріске ұшырағанымен, оның мазмұндық өзегі құрмет пен келісім, әлеуметтік байланыс пен мәдени сабақтастық сақталып келеді. Этноәлеуметтік зерттеу нәтижелері көрсеткендей, кейбір өңірлерде қалыңмал материалдық сипатқа ие болып, оның символикалық және рухани мәні екінші қатарға ығысқанымен, дәстүрдің өзі ұлттың мәдениетінде маңызды орын иеленуде. Бұл жағдай қазақ қоғамындағы дәстүрлі құндылықтардың өзгеріс динамикасын айқындап, этномәдени тұрақтылық пен жаңғыру үрдісінің қатар жүріп жатқанын дәлелдейді.

Авторлар 2025 жылы Алматы облысы мен Түркістан облысы аумағына үйленуге қатысты әдет-ғұрыптарды анықтау мақсатында далалық зерттеулер жүргізді [АЭМ, 2025]. Этнографиялық мәліметермен қатар мәселені жан-жақты ашу үшін этноәлеуметтік зерттеу жүргізілді. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, қоғамда қалыңмалдың мөлшері туралы көзқарастар әртүрлі болғанымен,

оның дәстүрлік мәні әлі де өзектілігін жоғалтпаған. Жиналған материалдың репрезентативтілігін қамтамасыз ету мақсатында 20-25 жас аралығындағы студенттер арасында 54 респондентке онлайн-анкета жүргізілді. Сонымен қатар, қалыңмал көлеміне қатысты деректер сұхбат барысында алынды. Авторлар жүргізген сауалнама нәтижесінде (n=54) респонденттердің 44,4%-ы қалыңмалдың орташа мөлшері 1 миллионнан 2 миллион теңгеге дейін деп есептейді. Ал 33,3%-ы бұл соманы 500 мыңнан 1 миллион теңгеге дейін, 16,7%-ы 2 миллион теңгеден жоғары, ал небәрі 5,6%-ы ғана 500 мың теңгеге дейін жеткілікті деп санаған (1-диаграмма).



**1–диаграмма.** Сауалнама бойынша респонденттердің қалыңмал мөлшеріне қатысты көзқарастары

Бұл көрсеткіштер қазіргі жастардың және қоғам мүшелерінің қалыңмалға деген көзқарасы біртіндеп материалдық тепе-теңдікке және әлеуметтік шынайылыққа қарай бейімделіп жатқанын көрсетеді. Яғни, дәстүрдің экономикалық сипаты сақталғанымен, шамадан тыс материалдық ауыртпалыққа қарсы ұстанымдар байқалады. Мұндай нәтиже қалыңмал институтының қазіргі әлеуметтік жағынан өзгеріске ұшырауының, сонымен қатар оның дәстүрлі және заманауи құндылықтар арасындағы тепе-теңдік рөлін айқындайды.

Отбасы қоғам өмірінде ерекше маңызды рөл атқарады және оның негізгі әлеуметтік шағын ортасы болып табылады. Дәл отбасы арқылы халықтың этникалық ерекшеліктерін сақтай отырып ұрпақты жалғастыру үдерісі жүзеге асады, сондай-ақ жаңа буынға ұлттық өзіндік сана мен құндылықтық бағдарлар беріледі. Этностың ең маңызды сипаттамаларының бірі отбасылық-тұрмыстық әдет-ғұрыптар мен рәсімдер (дүниеге келу, үйлену, жерлеу және ас беру салттары). Олар адамдар өміріндегі маңызды кезеңдерді шартты-символикалық түрде бейнелейтін мәдени феномендер болып табылады.

**Қорытынды.** Зерттеу барысында қазақ халқының қалыңмал дәстүрінің тарихи негіздері, әлеуметтік қызметі мен мәдени мәні кешенді түрде талданды. Ол қазақ қоғамында неке мен туыстық қатынастарды реттейтін маңызды құқықтық-әлеуметтік тетік ретінде орныққаны анықталды. Ол тек материалдық алмасу емес, екі әулет арасындағы сенім, жауапкершілік және әлеуметтік келісімді қамтамасыз ететін мәдени механизм қызметін атқарған.

Этнографиялық зерттеу нәтижелері қалыңмалдың отбасылық құндылықтарды нығайтуға, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты сақтауға және қыз тәрбиесіне қатысты әлеуметтік нормаларды қалыптастыруға ықпал еткенін көрсетті. Қалыңмал қазақ қоғамында әулет абыройы, әлеуметтік жауапкершілік және неке мәдениеті туралы түсініктермен тығыз байланысты болған.

Этноәлеуметтік сауалнама нәтижелері қазіргі кезеңде қалыңмал дәстүрінің мазмұндық трансформацияға ұшырағанын, алайда оның әлеуметтік және символдық мәнінің сақталып отырғанын айғақтайды. Қалыңмалға қарсы пікірлер көбіне оның экономикалық ауыртпалығы, қызды сатып алу сияқты түсінік тудыруы, және заманауи қоғамдағы гендерлік теңдікке қайшы келуі себепті қалыптасқан. Дегенмен, бұл сындар дәстүрдің тарихи-мәдени маңызын жоққа шығармайды, тек оның қазіргі әлеуметтік жағдайға бейімделуі қажеттілігін көрсетеді. Қалыңмалдың материалдық формасы өзгергенімен, әлі де болса құрмет, келісім және мәдени сабақтастықты білдіретін дәстүр ретінде

кабылданады. Қазіргі кезде қалыңмалдың мәні толық өзгеріске енген, құдалар арасындағы кәделік сый-сияпатқа ауысқан. «Теңін тапса – тегін бер» деп қазіргі кезде қыз бен жігіттің ата-аналары келісіп баталарын беріп те жастарды қосады. Дәстүрлі ортада қалыңдық малы ретінде қабылданған қалыңмал қазіргі кезеңде ақшалай өлшемге ауыстырылды. Бұл құбылысты қызды сату құралы ретінде емес, жасауын әзірлеуге ата-анасына көрсетілетін материалдық қолдау әрі екі жақтың өзара келісімі ретінде қарастыруға болады. Осылайша, қалыңмал дәстүрі тарихи мазмұнын сақтай отырып, жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайға бейімделіп, мәдени сабақтастықтың маңызды тетігіне айналды. Жас семьяның үй болып кетуіне әсер ететін тірек деп есептейміз.

Қалыңмал қазіргі кезде құқықтық немесе әлеуметтік институт емес, тек мәдени дәстүрдің бір көрінісі ретінде қарастырылады. Ол тарихи сабақтастықты сақтағанымен, қазіргі қоғамда ресми міндеттілікке ие емес және әлеуметтік келісімнің негізгі тетігі болудан қалған. Алайда еліміздің оңтүстік өңірінде (қазақтардың басым орналасқандықтан) жақсы сақталған, басқа өңірлерде кәде ретінде: тоймалы, сүт ақы т.б. атаулармен кездеседі.

Қазіргі жастардың қалыңмалға қарсы көзқарасын БАҚ құралдарының зерттеулері тұрғысынан төмендегіндей негіздеуге болады. Әлеуметтік теңсіздік факторы ретінде қалыңмалдың жоғары мөлшері жастардың некеге тұруына кедергі келтіреді. Бұл дәстүр әлеуметтік әділетсіздік пен теңсіздікті күшейтеді деген пікір қалыптастырады. Ал экономикалық жағынан жаһандану мен нарықтық экономика жағдайында қалыңмал төлеу жас отбасыға қосымша қаржылық қысым жасайды. Жастар мұны өмірді бастауға кедергі ретінде қабылдайды. Құндылықтар трансформациясы жағынан қазіргі жастардың басым бөлігі білім, мансап және өзін-өзі дамытуға басымдық береді. Сондықтан қалыңмал сияқты дәстүрлі материалдық міндеттемелер олардың құндылық жүйесіне сәйкес келмейді. Қазіргі қоғамдағы гендерлік теңдік мәселесі жағынан алғанда қалыңмал кейде әйелді «тауарға» теңеу сияқты түсінік туғызып, гендерлік теңдікке қайшы келеді. Жастардың құқықтық және әлеуметтік сезімталдығы бұл дәстүрге сын көзбен қарауға себеп болады.

Әлеуметтанушылардың зерттеулері көрсеткендей, жастардың бір бөлігі отбасы құруды қолдағанымен, қалыңмалдың міндеттілігіне қарсы. Бұл олардың дәстүрді мәдени символ ретінде ғана қабылдайтынын, бірақ экономикалық институт ретінде мойындамайтынын дәлелдейді. Қазіргі жастар қалыңмалға қарсы болуын әлеуметтік теңсіздік, экономикалық қысым, құндылықтар жүйесінің өзгеруі және гендерлік теңдікке ұмтылыс сияқты факторлармен түсіндіруге болады. Бұл дәстүрдің тарихи-мәдени маңызы сақталғанымен, оның қазіргі әлеуметтік-экономикалық функциясы жастардың өмір салтына сәйкес келмейді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері қалыңмал дәстүрінің қазіргі қазақ қоғамындағы орны мен мәнін айқындайды. Қалыңмалдың тарихи-этнографиялық негіздері мен әлеуметтік қызметтері уақыт өте трансформацияға ұшырағанымен, ол әлі де мәдени сабақтастықты, әлеуметтік жауапкершілікті және әдептік нормаларды сақтаудың маңызды тетігі болып отыр. Қазіргі тәжірибеде қалыңмал экономикалық өтеменнен гөрі символдық және әлеуметтік мағынаға ие, ал оның түрлі аймақтардағы ерекшеліктері дәстүрдің бейімделгіш сипатын дәлелдейді. Сонымен қатар, фольклорлық деректер қалыңмалдың қазақ қоғамындағы құқықтық, әлеуметтік және мәдени институт ретінде қалыптасқанын көрсетеді. Осылайша, қалыңмал дәстүрі тарихи мұра мен қазіргі әлеуметтік шындықты байланыстыратын тұрақтандырушы мәдени механизм ретінде қарастырылды.

### Әдебиеттер

Абашин, 2003 – Абашин С. Н. Калым и махр в Средней Азии: право или ритуал? // *Отечественные записки*. 2003. № 5 (14). С. 15–18. URL: <https://ruins.magazines.gorky.media/oz/2003/5/kalym-i-mahr-v-srednej-azii-pravo-ili-ritual.html>

Абдулина, 2024 – Абдулина А.Т. Наследие Халела Аргынбаева по традиционной семейной обрядности казахов // *Вестник КазНУ. Серия историческая*. 2024. № 4 (115). С. 98–107.

Алекторов, 1888 – Алекторов А.Е. Основание брака и свадебные обычаи у киргизов (казахов) // *Оренбургский листок*. 1888. №11–12. С. 36–37.

Алтынсарин, 1870 – Алтынсарин И. Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского ведомства // *Записки Оренбургского отдела Императорского Русского географического общества*. Вып I. Казань, 1870. С. 104–110.

Арғынбаев, 1973. – Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). Алматы: Ғылым, 1973. 328 б.

Аргынбаев, 1974 – *Аргынбаев Х.А.* Свадьба и свадебные обряды у казахов в прошлом и настоящем // *Советская этнография*. 1974. № 6. С. 69–77.

АЭД, 2025 – Авторлардың этнографиялық мәліметтері. 2025.

Баудиярова, 2024 – *Баудиярова К.Б.* Оңтүстік Қазақстандағы отбасы және неке. Алматы, Қазақ университеті 2025. 186 б.

Броневский, 1830 – *Броневский С.Б.* Записки о киргиз-кайсаках Средней орды // *Отечественные записки*. 1830. Март. №1 19. С. 89–95.

Гродеков, 2011. – *Гродеков Н.И.* Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области: юридический быт. М.: Восточная литература, 2011. 566 с.

Диваев, 1900 – *Диваев А.* О свадебном ритуале киргизов Сырдарьинской области // *Учёные записки Западно-Казахского учебного округа*. 1900. Кн. 4. С. 1–27.

Загряжский, 1876 – *Загряжский Г.* Юридические обычаи Киргизии о различных родах событий и о правах им установленных // *Материалы для статистики Туркестанского края*. Вып. IV. Ташкент, 1876. С. 151–185.

Ильминский, 1860 – *Ильминский Н. И.* Материалы по изучению киргизского наречия. Ученые записки киргизского уезда. Казань, 1861. 191–210 с.

Калым в казахской культуре, 2023 – *Калым в казахской культуре*: почему его уплата считалась важным обычаем в рамках заключения брака. 28.07.2023. URL: [https://religionmap.kz/ru/article/2574?utm\\_source=copilot.com](https://religionmap.kz/ru/article/2574?utm_source=copilot.com)

Калым и пышный той, 2025 – *Калым и пышный той*: как меняются взгляды казахстанцев на традиции. 13.01.2025. URL: [https://www.inform.kz/ru/kalim-i-pishniy-toy-kak-menyayutsya-vzglyadi-kazahstantsev-na-traditsii-b5910e?utm\\_source=copilot.com](https://www.inform.kz/ru/kalim-i-pishniy-toy-kak-menyayutsya-vzglyadi-kazahstantsev-na-traditsii-b5910e?utm_source=copilot.com).

Қалшабаева, Узбекбаев 2022 – *Қалшабаева Б., Узбекбаев А.* Орта Азия халықтарының отбасы және неке қатынастарындағы сый алмасу дәстүрлері (XIX ғ. ортасы – XX ғ. басы) // *Отан тарихы*. 2022. № 3. 224–246-бб.

Қалыш, 2013 – *Қалыш А.Б.* Семья и брак в современном Казахстане. Алматы: Арыс, 2013. 464 с.

Meirmanova, 2016 – *Meirmanova G.A.* The Foundations of transformational forms of etiquette of the kazakh // *Edu.e-history.kz электрондық ғылыми журнал*. 2016. № 1(5). Pp. 178–182.

Левшин, 1832 – *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч. 2. Исторические известия. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832. 274 с.

Руденко, 1927 – *Руденко С.И.* Антропологические особенности западных казаков // *Казаки. Антропологические очерки. Музей антропологии и этнографии имени Петра Великого (Кунсткамера) Академии наук СССР*. Вып. 3. Серия Казакстанская. Ленинград, Академии наук СССР, 1927. С. 83–94

Рычков, 1896 – *Рычков П.И.* История оренбургская (1730–1750) по учреждениям Оренбургской губернии. / под ред. и с примеч. Н. М. Гутьяра секретаря ком. Оренбург: Оренбургский губернский статистический комитет, 1896. 93 с.

Тохтабаева, 2013 – *Тохтабаева Ш.Ж.* Этикет казахов. Алматы: Дайк-пресс, 2003. 500 с.

Төлеубаев, 1991 – *Төлеубаев А.Т.* Реликты доисламских верований у казахов. Алматы: Ғылым, 1991. 231 с.

Тронов, 1891 – *Тронов В.Д.* Обычай и обычное право киргиз. Отдельный оттиск II вып. 17 т. Записок Русского Географического общества по Отделению этнографии, изданный под ред. Н.И. Веселовского. СПб.: Паровая Скоропечатня П.О. Яблонского, 1891. 267 с.

Уәлиханов, 1980 – *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы шығармалар. Алматы: Жазушы, 1980. 417 с.

#### Ақпарат берушілердің тізімі

I. Қобланова Калампыр. 1978 жылғы Түркістан облысы, Түркістан қаласы.

II. Нышанбаева Рысалды. 1959 ж.т. Түркістан облысы, Әйтеке би аулы.

III. Лесбекқызы Роза. 1970 ж.т. Алматы облысы, Шелек ауылы.

IV. Кәрібаев Лесбек. 1980 ж.т. Түркістан облысы, Шымкент қаласы.

V. Түзелова Айнұр. 1962 ж.т. Түркістан облысы, Шардара қаласы.

## References

- Abashin, 2003 – *Abashin, S. N. Kalym i makhr v Srednei Azii: pravo ili ritual?* [Qalym and Mahr in Central Asia: Law or Ritual?]. *Otechestvennye zapiski*. 2003. № 5 (14). URL: <https://ruins.magazines.gorky.media/oz/2003/5/kalym-i-mahr-v-srednej-azii-pravo-ili-ritual.html> [In Russian]
- Abdulina, 2024 – *Abdulina A. T. Nasledie Khalela Argyynbaeva po traditsionnoi semeinoi obriadnosti kazakhov* [The Legacy of Khalel Argyynbaev on Traditional Kazakh Family Rituals]. *Vestnik KazNU. Seriya istoricheskaya*. 2024. № 4 (115). Pp. 98–107. [In Russian]
- Aktorov, 1888 – *Aktorov A. E. Osnovanie braka i svadebnye obychai u kirgizov (kazakhov)* [The Foundations of Marriage and Wedding Customs among the Kyrgyz (Kazakh)]. *Orenburgskii listok*. 1888. 11–12. Pp. 36–37. [In Russian]
- Altynsarin, 1870 – *Altynsarin I. Ocherk obychaev pri svatovstve i svad'be u kirgizov Orenburgskogo vedomstva* [An Essay on Courtship and Wedding Customs among the Kyrgyz of the Orenburg Region]. *Zapiski Orenburgskogo otdela Imperatorskogo Russkogo geograficheskogo obshchestva*, 1870. 122 p. [In Russian]
- Argynbaev, 1973 – *Argynbaev Kh. A. Qazaq khalqyndagy sem'ia men neke (tarikhy-etnografiialyq sholu)* [Family and Marriage among the Kazakh People: A Historical-Ethnographic Survey]. *Almaty: Gylym*, 1973. 328 p. [In Kazakh]
- Argynbaev, 1974 – *Argynbaev Kh. A. Svad'ba i svadebnye obriady u kazakhov v proshlom i nastoiashchem* [Wedding and Wedding Rituals among the Kazakhs in the Past and Present]. *Sovetskaia etnografiia*. 1974. № 6. Pp. 69–77. [In Russian]
- Baudiyarova, 2024 – *Baudiyarova K. B. Ontüstik Qazaqstandagi otbasy zhäne neke*. [Family and Marriage in Southern Kazakhstan]. *Almaty*, 2024. 186 p. [In Kazakh]
- Bronevskii, 1830 – *Bronevskii S. B. Zapiski o kirgiz-kaisakakh Srednei ordy* [Notes on the Kirgiz-Kaisaks of the Middle Horde]. *Otechestvennye zapiski*, 1830. Pp. 89–95 [In Russian]
- Divaev, 1900 – *Divaev A. O svadebnom rituale kirgizov Syrdar'inskoi oblasti*. [On the Wedding Ritual of the Kyrgyz in the Syr-Darya Region. Scholarly Notes]. *Uchenye zapiski zapnokazahstanskogo universiteta*, 1900. 4. Pp. 1–27. [In Russian]
- Grodekov, 2011 – *Grodekov N.I. Kirgizy i karakirgizy Syr-Dar'inskoi oblasti: iuridicheskii byt*. [The Kyrgyz and Kara-Kyrgyz of the Syr-Darya Region: Legal Customs]. *Moscow: Vostochnaia literatura*, 2011. 566 p. [In Russian]
- Il'minskii, 1860 – *Il'minskii N.I. Materialy po izucheniiu kirgizskogo narechiia* [Materials for the Study of the Kyrgyz Dialect]. *Uchenye zapiski*. Kazan, 1860. 212 p. [In Russian]
- Kalim i pyshnyy toy, 2025 – *Kalim i pyshnyy toy: kak menyayutsya vzglyady kazakhstantsev na traditsii* [Kalym and a lavish toy: how Kazakhstanis' views on traditions are changing]. 13.01.2025. *Inform.kz*. URL: [https://www.inform.kz/ru/kalim-i-pyshnyy-toy-kak-menyayutsya-vzglyady-kazakhstantsev-na-traditsii-b5910e?utm\\_source=copilot.com](https://www.inform.kz/ru/kalim-i-pyshnyy-toy-kak-menyayutsya-vzglyady-kazakhstantsev-na-traditsii-b5910e?utm_source=copilot.com)
- Kalim v kazakhskoy kulture, 2023 – *Kalim v kazakhskoy kulture: pochemu ego uplata schitalas' vazhnym obychaiem v ramkakh zaklyucheniya braka* [Kalym in Kazakh culture: why its payment was considered an important custom in marriage]. 28.07.2023. URL: [https://religionmap.kz/ru/article/2574?utm\\_source=copilot.com](https://religionmap.kz/ru/article/2574?utm_source=copilot.com)
- Kalshabaeva, Uzbekbaev, 2022 – *Kalshabaeva B., Uzbekbaev, A. Orta Aziia khalyqtarynyn otbasy zhäne neke qatynastaryndagy sii almasu дәstürleri (XIX g. ortasy – XX g. basy)* [Gift Exchange Traditions in Family and Marriage Relations among the Peoples of Central Asia (Mid-19th – Early 20th Century)]. *Otan tarikhy*, 2022. № 3. Pp. 224–246. [In Kazakh]
- Kalysh, 2013 – *Kalysh A. B. Sem'ia i brak v sovremennom Kazakhstane* [Family and Marriage in Contemporary Kazakhstan]. *Almaty: Arys*, 2013. 464 p. [In Russian]
- Levshin, 1832 – *Levshin A. I. Opisanie kirgiz-kazach'ikh ili kirgiz-kaisatskikh ord i stepei* [Description of the Kirgiz-Kazakh or Kirgiz-Kaisak Hordes and Steppes]. Part 2. *Istoricheskie izvestiia*. St Petersburg, 1832. 274 p. [In Russian]
- Meirmanova, 2016 – *Meirmanova G. A. The Foundations of transformational forms of etiquette of the kazakh* [Қазақ этикетінің өзгеріске ұшыраған үлгілерінің сипаты]. *Edu.e-history.kz, elektrondii gilimy zhurnal*. 2016. 1(5). Pp. 178-182 [In English]
- Rudenko, 1927 – *Rudenko S. I. Antropologicheskie osobennosti zapadnykh kazakov* [Anthropological features of the Western Kazakhs]. In: *Kazaki. Antropologicheskie ocherki*. Series *Kazakhstanskaia*. 3. *Leningrad*, 1927. Pp. 83–194. [In Russian]

Rychkov, 1896 – *Rychkov P. I. Istoriiia orenburgskaia (1730–1750) po uchrezhdeniiam Orenburgskoi gubernii* [The Orenburg History (1730–1750) Concerning the Institutions of the Orenburg Province]. Ed. N.M. Gut'iar. Orenburg: Orenburgskii gubernskii statisticheskii komitet, 1896. 93 p. [In Russian]

Tokhtabayeva, 2013 – *Tokhtabaeyva Sh. Zh. Etiket kazakhov*. [Kazakh Etiquette]. Almaty: Daikpress, 2013. 500 p. [In Russian]

Toleubaev, 1991 – *Toleubaev A. Relikty doislam skikh verovanii u kazakhov* [Relics of Pre-Islamic Beliefs among the Kazakhs]. Moscow, 1991. 290 p. [In Russian]

Tronov, 1891 – *Tronov V .D. Obychai i obychnoe pravo kirgiz* [Customs and Common Law of the Kyrgyz] *Zapiski Russkogo geograficheskogo obshchestva po Otdeleniiu etnografii*, vol. 17, 2. St Petersburg: Parovaia skoropechatniia P.O. Iablonskogo, 1891. 267 p. [In Russian]

Ualikhanov, 1980 – *Ualikhanov Sh. Tandamaly shygharmalar* [Selected Works]. Almaty: Zhazushy, 1980. 417 p. [In Kazakh]

Zagriazhskii, 1876 – *Zagriazhskii G. Iuridicheskie obychai Kirgizii o razlichnykh rodakh sobytii i o pravakh im ustanovlennykh* [Legal Customs of Kyrgyzstan Concerning Various Types of Events and the Rights Established Thereby]. *Materialy dlia statistiki Turkestanskogo kraia*. IV. Tashkent, 1876. 151–185. [In Russian].

МАЗМУНЫ/СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT  
 ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 2

<b>Мамытова С.Н.</b> ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ОБЛИКА ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ В 1930–1940-Е ГОДЫ.....	429
<b>Ахметжан К.С.</b> ТИПОЛОГИЯ ТРАДИЦИОННЫХ НАВЕРШИЙ КАЗАХСКИХ РЕЛИГИОЗНЫХ И ВОЕННЫХ ЗНАМЕН.....	447
<b>Бабаджанов Б.М., Нурманова А.Ш.</b> «ЖЕЛЕЗНАЯ ПАМЯТЬ» ЗА «ЖЕЛЕЗНЫМ ЗАНАВЕСОМ»: КАЗАХСКИЕ НАДГРОБИЯ СОВЕТСКОГО ВРЕМЕНИ КАК МАРКЕРЫ СОЦИАЛЬНОЙ ПАМЯТИ.....	473
<b>Yergali S.A., Kolukisa H., Shaldarbekova A.B.</b> THE INSTITUTION OF «ZHETI ATA» IN KAZAKH SOCIETY AS A MECHANISM OF SOCIAL REGULATION AND KINSHIP ORGANIZATION.....	488
<b>Toraigyrov Ye.M.</b> TOPICAL ISSUES OF THE IRTYSH TEN-VERST STRIP IN THE WORKS OF MODERN TIMES.....	502
<b>Абуов Н.А., Картова З.К., Алимжанов А.Х.</b> УСЛОВИЯ ПРЕБЫВАНИЯ СОВЕТСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ В ФАШИСТСКОМ ПЛЕНУ НА ТЕРРИТОРИИ БЕЛАРУСИ.....	516
<b>Әуелбеков М.Б., Бахар Х.</b> XII–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ.....	533
<b>Черниенко Д.А.</b> ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ Х.А. АРГЫНБАЕВА В ПИСЬМАХ ЕГО КОЛЛЕГ-ЭТНОГРАФОВ.....	548
<b>Iskakova G.Z., Assylbekova A.Z.</b> SHAKARIM KUDAIBERDIULY AND KAZAKH NATIONAL MEMORY .....	564
<b>Құндызбай Д.Қ., Кенжебаев Ғ.Қ.</b> ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖЕТІСУ Өңірінен Қытайға босқыншылығы (XX ғ. 30 жж.).....	576
<b>Конкабаева Н.Н., Абдрахманова К.Х.</b> О ТРАКТОВКЕ ЛЕКСЕМ «ТЕНГРИ», «УМАЙ» В КОНТЕКСТЕ ВЕРОВАНИЙ МАМЛЮКОВ-КЫПЧАКОВ В XI–XIV ВЕКАХ.....	590

<b>Сулейменова А.Т.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ «ПАРТИЯЛЫҚ ТАЗАЛАУЛАР» КЕЗІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ.....	602
<b>Молотова Г.М.</b> ТРАНСФОРМАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ ТЮРКОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКОВ XII–XIII ВЕКОВ).....	619
<b>Мейрманова Г.А., Бейсегулова А.Қ., Алдекен А.С.</b> ҚАЛЫҢМАЛ – ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ.....	629
<b>Алимбай Н.</b> ОДЕЖДА КАЗАХОВ-КОЧЕВНИКОВ (XVIII – ПЕРВОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ).....	642
<b>Бахтыбаев М.М., Қожас М.Б., Сиздиков Б.С.</b> ГОРОДИЩЕ СЫГАНАК: ДАТИРОВКА ПАМЯТНИКА ПО РЕЗУЛЬТАТАМ РАДИОУГЛЕРОДНОГО АНАЛИЗА.....	695
<b>Шынтаев Н.А., Мусабалина Г.Т., Джолдыбаев Ж.Т.</b> ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: ПОСТКЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК- ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР (1991–2023 ЖЖ).....	713
<b>Шашаева М.А.</b> ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАНДАР: «ОТАН САТҚЫНДАРЫНЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫНА ТИГІЗГЕН АУЫР ӘСЕРІ.....	724
<b>Шолахов М.Г., Габдусалимова М.Г.</b> АНАЛИЗ ЗАПАДНОЕВРОПЕЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ОБ ЕДИГЕ.....	735
<b>Есен С.Ғ.</b> МӘЛЕНБЕРЛІ ҚОРЫМЫ: ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.....	755
<b>Жетібаев К.М., Қожас М.Б., Әлімбекұлы Ә.</b> ҚҰЙРЫҚТӨБЕ (КЕДЕР) ҚАЛАСЫНЫҢ РАБАД АУМАҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР.....	764
<b>Муратбаева А.Б.</b> ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ АСПЕКТ.....	777

<b>Оспанова Д.К., Тебаев Д.Б., Мағауянов Д.А.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ 1991–2011 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	787
<b>Қуанбай О.Б. Мурзаходжаев Қ.М.</b> ЖАПОНИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ БАҚ БЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ (1990–2025).....	805
<b>Алибек С.Н., Қудайбергенова А.И., Тажмуханова Н.Е.</b> РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СТАЛИНА В ПЕРИОД КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И РАСКУЛАЧИВАНИЯ КАК ТРАГИЧЕСКИЙ ЭКСПЕРИМЕНТ (ПО МАТЕРИАЛАМ ГОРОДА ЧИМКЕНТА И ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ).....	817
<b>Жүсінов Р.Б., Нұрышева Г.К.</b> 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРІНДЕГІ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ САЯСАТЫ (АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ).....	833
<b>Қозыбаева М.М., Жалмағамбетов Е.Ә.</b> КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДАН АЙЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ: «АЙЫРЫЛҒАНДАР» МЕН «ҚҰҚЫҚСЫЗДАР» КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....	851
<b>Хазретәліқызы Р., Тұрсұн Х.М., Сайлаубай Е.Е.</b> МІРӘЛШЕР СЕРАЛИЕВТИҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ МЕН МҰСТАФА ШОҚАЙМЕН БАЙЛАНЫСЫ АРХИВТІК-ТЕРГЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....	866
<b>Калыбекова М.Ч., Чакенова Б.А.</b> КАЗАХИ-ВРАЧИ И ИХ ОБЩЕСТВЕННАЯ И ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КОНЦЕ XIX И 30-Е ГОДЫ XX ВВ. ....	878
<b>Рахбаев К.К., Избасарова Г.Б.</b> ҚАЗАҚТЫҢ МЕШІТ САЛУ ДӘСТҮРІНІҢ ШЫҢЫРАУ КӨЗДЕРІ (ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕШІТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ ШОЛУ).....	890
<b>Нурпейсова Э.Т., Байдалы Р.Ж.</b> ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....	915
<b>Alpysbes M.A., Arkhymatayeva A.Zh., Kara A.</b> THE INFLUENCE OF THE NATIONAL IDEA ‘OYAN, QAZAQ!’ ON THE SOCIO-POLITICAL THOUGHT OF EASTERN COUNTRIES.....	926
<b>Kochiyev E.R., Kabuldinov Z.E., Aydingün A.</b> THEORIES OF DIASPORAL ETHNIC IDENTITY IN CONTEMPORARY WESTERN HISTORIOGRAPHY (2000–2025).....	939



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты  
Алматы қ., Шевченко көш., 28  
Тел/факс: +7 727 261 67 19  
e-mail: kazhistory@bk.ru

---